

Қысқа мерзімді жоспары				
Бөлім	Программалық қамтамасыз етуді таңдау			
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы Давидов И.У			
Күні				
Сынып 9	Қатысушылар саны		Қатыспағандар саны	
Сабақтың тақырыбы:	Программалық қамтамасыз етуді таңдау			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	9.1.2.1 - қолданушының қажеттілігіне байланысты программалық қамтамасыз етуді таңдау..3.2.1 Python тіліндегі сызықтық алгоритмдерді жазу			
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар:			
	Программа, программалық қамсыздандыру ұғымымен танысу.			
	Көптеген оқушылар:			
	Программалық жабдықтардың түрлерін анықтау.			
	Кейбір оқушылар:			
Компьютерді қолдануда программалық қамтамасыз етудің қажеттілігін тұжырымдау				

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезені/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Ой сергіту «Өз жұбыңды тап» жаттығуы. Қатысушылар шеңбер құрап отырады. Мен сендерге жануарлардың аттары жазылған текшелер таратып беремін. Атаулар екі текшеде қайталанған. Мысалы, егер сенің қолыңда піл деп жазылған болса, сен тағы біреудің қолында сондай текше бар екенін білесің. (Жаттықтырушы текшелерді таратады, егер қатысушылар саны тақ болса, жаттығуға жаттықтырушы өзі де қатысады). Сенің текшеңде не жазылғанын оқы. Жазуды сен ғана көруің керек. Енді текшені жинап қойса болады. Әрқайсыңның міндетің – өз сыңарыңды табу. Бірақ сөйлеспейсіңдер, тек әртүрлі қимылдар арқылы кез келген әрекетті үнсіз жасайсыңдар. Егер өзіңнің жұбыңды тапсаң, бірге тұрыңдар, бірақ үндемейсің, сөйлеспейсіңдер. Тек барлығы өз сыңарын тапқан кезде ғана, қандай нәтиже болғандығын тексереміз. Топ мүшелері өз сыңарын тапқаннан кейін, жаттықтырушы «Сіз кімсіз?» деп сұрап шығады. Оқушылар «Компьютердің конфигурациясы» тақырыбы бойынша жасаған жобаларын түсіндіреді, топта талдайды. Оқушылардың іс-әрекеттерін ауызша мадақтау, қолдау көрсет</p>	<p>1.Мұғаліммен амандасады. 2.Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады. 3.Сабақтың мақсаттары мен танысады.</p>	<p>Стикер Электрондық журналға бағаланады</p>	Слайд

Сабақтың ортасы

Жаңа тақырыпты түсіндіру.
Миға шабуыл сұрақтарымен жұмыс жасау
 Компьютерінде қандай программалар орнатылғанын білесің бе? Қалай білуге болады?
 Қандай операциялық жүйелермен және олардың нұсқаларымен таныссың?
 Компьютермен жұмыс жасауда оған орнатылған программалық жабдықтамалардың сипаттамаларын білу қаншалықты маңызды деп ойлайсың?
Оқулықпен жұмыс
-Жеке оқып, топта талқылайды.
Мұғалімнің түсіндірмесі. (Бейнежазба, слайд материалдарын қолдану.)
Кестемен жұмыс:

Ақпараттық программалық жабдықтамалар	Жүйелік программалық жабдықтамалар	Қолданбалы программалық жабдықтамалар

26

Сәйкестендіру
Кестедегі мәліметтерді сәйкестендіріңдер

Коммерциялық программалық жабдықтамалар		Linux, Firefox, gimp
Еркін қолданыстағы программалық жабдықтамалар		Skype, Opera, Avast
Тегін программалық жабдықтамалар		Winrar, Finereader, nero burning rom
Шектеулі-тегін программалық жабдықтамалар		Dr.web, Windows7, Kaspersky

Дескрипторлар
Программалық жабдықтамалар түрлерін анықтайды.
Программалық жабдықтамалар түрлерін салыстырады.
Топтық жұмыс
Сыныптастарыңмен компьютер бөлмесінде орналасқан компьютерлердің техникалық сипаттамасын DXDIAG командасы көмегімен тексеріңдер. Орнатылған программалық жабдықтамаларын талдаңдар.
Дескриптор
Компьютердің программалық жабдықтамаларын анықтайды.
Жұптық жұмыс:
Компьютер бөлмесінде орналасқан компьютерлердің техникалық сипаттамасын талдау нәтижесі бойынша қандай қолданбалы программалық жабдықтамаларды орнатуға ұсыныс жасайсыңдар?

Мұғалімді тыңдайды

Слайд

	Тізімін ұсыныңдар. Дескриптор Программалық жабдықтамалардың маңыздылығын түсіндіреді. Оқушылардың жұмыстары бағалау парағына балл қою арқылы бағаланады			
Сабақтың соңы	7. Программалық жабдықтамаларды компьютердің жылдамдығына әсер етпейтін етіп қалай дұрыс таңдау керек? «Блоб ағашы» әдісі. Оқушылар ағашқа өрмелеген маймылдарды бояу арқылы көрсетеді.	Өзін-өзі бағалау.	Стикер	слайд